

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№29 (10 284)

25 шілде

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

АҚОРДА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР, ЗАҢДАР Мемлекет басшысы жаңа салық кодексіне және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды



өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізінде және шаруа қожалықтары үшін.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар төлемдерді мобильдік қосымша арқылы есептеп, төлей алады.

Корпоративтік табыс салығы (КТС) 20 пайыз деңгейінде сақталады. Алайда, сараланған салықтық мөлшерлеме енгізіледі. Атап айтқанда, банктер (бизнес

субъектілерін кредиттеуді қоспағанда) мен ойын бизнесі үшін – 25 пайыз. Әлеуметтік сала ұйымдары үшін 2026 жылы 5 пайыз мөлшерінде белгіленіп, 2027 жылы 10 пайызға дейін ұлғаяды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 3 пайыз жеңілдетілген мөлшерлеме қалады.

Қор нарығын ынталандыру үшін биржалық құнды қағаздарға төленетін дивиденттерге салық жеңілдіктері сол

жүйі сақталады. «Бейтерек» холдингі шығарған құнды қағаздардан түсетін кіріс 2031 жылға дейін КТС-тен босатылады. Пайдалы қазбаларды өңдеу мен геологиялық барлау саласы үшін қосымша преференциялар қарастырылған. Атап айтқанда, тиімділігі төмен жаңа учаскелер 5 жылға пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босатылады.

Жеке табыс салығының (ЖТС) прогрессивті мөлшерлемесі енгізіледі.

Жылдық жалпы табысы 8500 айлық есептік көрсеткіштен асатын азаматтарға 15 пайыз салық мөлшерлемесі қолданылады. Сол сияқты дивиденттері мен табыс көлемі жылына 230 мың АЕК-тен асатын кәсіпкерлер осындай мөлшерде салық төлейді. Ал фермерлердің осы межеден асатын табысына бұрыннан сақталған 70 пайыз жеңілдікті есепке ала отырып, 4,5 пайыз салық салынады.

Жеке тұлғалар үшін қымбат өнімдерге, атап айтқанда құны 75 миллион теңгеден асатын автокөліктерге, құны 100 миллион теңгеден асатын кемелерге, әр литрінің құны 500 мың теңгеден асатын алкогольге, әр данасының құны 10 мың теңгеден асатын темекі өнімдеріне 10 пайыз акциз түрінде салық салынады. Сонымен қатар жалпы құны 450 миллион теңгеден асатын жылжымайтын мүлік нысандарына мүлік салығы жоғарылайды.

Салықтық өкімшілендіру тәсілдері айтарлықтай өзгереді. Камералдық бақылау ескерту сипатында болады. Салықтық берешекті өндіріп алу, төлемді кейінге қалдыру және бөліп төлеу мүмкіндігін беру процедуралары жеңілдетіледі. Салық берешегі аз болса, бизнестің есепшоттары бұғатталмайды. Қарыз сомасына қарай ескерту және басқа да шаралар кезең-кезеңімен қолданылады.

Кодекс 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Кодекстің мәтіні баспасөзде жарияланады.

ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚ ЖАСТАР "TAZA EL - TAZA BOLASHAQ" АТТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СЕНБІЛІК ӨТКІЗДІ



Талдықорғанда жас буынның бастамасымен экологиялық сенбілік өтті. «Taza El - Taza Bolashaq» атты бұл акция жастардың туған қаласына деген жанашырлығын танытты. Іс-шара елімізде қолға алынған «Taza Қазақстан» республикалық бастамасы аясында ұйымдастырылды. Сенбілікке «Жасыл Ел» жасақтары мен «Талдықорған

жастары» қалалық жастар орталығының қызметкерлері, еріктілер мен белсенділер қатысты. Олар «Оқушылар сарайы» мен Жастар орталығының айналасын тазалап, қоқыс жинап, айналасын ретке келтірді.

Іс-шараның басты мақсаты - табиғатты қорғау мен айналасы таза ұстауға үндеу ғана емес, жастардың экологиялық мәдениетін

қалыптастыру, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру.

Қалалық жастар орталығының жетекшісі Еркебұлан Жақан бұл жолы тазалық жұмыстарын қала орталығынан бастау туралы шешім қабылдағандарын айтты:

«Біз Қаратал мен Балықтың өзендерінің жағалауларын жиі тазалаймыз. Алайда бұл жолы өз ауламыздан, яғни Оқушылар сарайы мен Жастар орталығы маңынан бастауды жөн көрдік. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, тазалық – ең алдымен, өз үйің мен аулаңнан басталуы керек. Біз осы ұстанымды қолдаймыз», – деді ол.

Сонымен қатар «Талдықорған жастары» орталығы әлеуметтік жобалар аясында NEET санатындағы жастармен де жұмыс істейді. Бұл – білім алмайтын және ресми түрде жұмыс істемейтін жастар тобы. Қалада олардың саны шамамен 2000-ға жуық.

«Біздің мақсатымыз – бұл жастарды қоғамға бейімдеу, түрлі спорттық, шығармашылық және кәсіптік жобаларға тарту. Әр жас азамат өз қабілетін ашып, қоғамнан орнын таба алады деп сенеміз», – дейді Еркебұлан Жақан.

**ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША.**

БЫЛЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 2,2 МЛН. ТОННА ЖЕМ - ШӨП ДАЙЫНДАЛАДЫ



Биыл Жетісу облысында 2,2 млн. тонна жем-шөп дайындау жоспарланып отыр, оның ішінде 1,2 млн. тонна шөп, 341 мың тонна сабан, 117 мың тонна пішендеме, 203 мың тонна сүрлем, 307 мың тонна жемдік астық дайындалады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Осы жылы мал азығы дақылдарының егіс көлемі облыста 92,5 мың гектарды құрап отыр. Бүгінгі күннің деректеріне сәйкес өңірде 994 мың тонна мал азығы жиналды, соның ішінде 82,8 мың га көп жылдық шөптің бірінші шабындығы толығымен шабылып, екінші шабындық жұмыстары жүргізілуде. Бір жылдық шөптің 7 мың га, табиғи шабындықтың 107 мың гектары шабылды. Одан басқа, 76 мың тонна сабан, 15 мың тонна жем жиналды. Жалпы 786 мың тонна шөп дайындалды. Сол сияқты 117 мың тонна пішендеме басылды.

- Жетісу облысында қолдағы барлық мал басын қыстату кезеңіне 2 млн 890 мың тонна мал азығы жиналады деп есептелген. Бұл қажетті жем-шөптің 1,5 жылдық қоры. Оның 653,4 мың тоннасы өткен жылдан қалған. Мал азығын дайындау жұмыстары аудандарда қызу жалғасып жатыр», - дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Н. Кененбаев.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.
Фотосуреттер облыс әкімі баспасөз
қызметінің архивінен алынды.**

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰҰЫМДАР ҮШІН СЫҰЛЫҚАҚЫҒА ӨТІМ ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСУДА



ҮЕҰ АРНАЛҒАН СЫҰЛЫҚАҚЫ ПРЕМИА ДЛАНПО

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан жыл сайынғы үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақыны табыстау конкурсына өтінімдерді қабылдау жалғасып жатыр.

Айта кетсек, өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 1 шілдеден бастап 1 қыркүйекке дейін жалғасады.

Конкурстың мақсаты – ұйымдардың әлеуетін нығайту және қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыруға ынталандыру мақсатында институционалдық қолдау көрсету.

Сыйлықақы әлеуметтік маңызы бар 16 сала бойынша беріледі. Бір салаға арналған сыйлықақы мөлшері – 2000 АЕК.

Соңғы 8 жылда 486 ҮЕҰ қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуге қосқан үлесін көрсетіп, сыйлықақыға ие болды. Солардың ішінде

жыл сайын шамамен 10 ауылдық ҮЕҰ аудандар мен ауылдарды дамытуға қосқан үлесі үшін марапатталды.

Егер сіздің ҮЕҰ қоғам өміріне белсенді араласып, өз саласында көшбасшы ретінде танылып, әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге үлес қосып, жаңашыл идеяларды іске асырса байқауға қатысуға шақырамыз.

Конкурсқа қатысу шарттары туралы толығырақ келесі сілтеме бойынша білуге болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akk/documents/details/863651?lang=kk>

Сұрақтар туындаған жағдайда келесі нөмірлер бойынша хабарласуға болады: 8 (7172) 74-09-97, 74-07-41, 74-02-17.

ДЕРЕККӨЗ:
ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
РЕСМИ АҚПАРАТ РЕСУРСЫ.

САЛА МАМАНДАРЫНА КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ

Аудандық қобызшы Мольқбай Байсақұлы атындағы мәдениет үйінде ветеринария және су шаруашылығы салаларының қызметкерлеріне арналған кәсіби мереке кең көлемде аталып өтті. Бұл күні ауыл шаруашылығы саласының ажырамас бөлігі болып саналатын ветеринариялық қызмет пен су ресурстарын тиімді басқару бағытында тынымсыз еңбек етіп жүрген азаматтар ерекше құрметке бөленді. Салтанатты жиынға аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Отарбайұлы қатысып, сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтады. – Ветеринария және су шаруашылығы – өңірдің дамуы мен халықтың әл-ауқаты үшін аса маңызды салалар. Сіздердің күнделікті адал қызметтеріңіз – ауданымыздың өркендеуінің кепілі. Ауыл шаруашылығын алға бастыруда, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын өркендетуде сіздердің еңбектеріңіз орасан зор. Сондықтан бүгінгі мереке – қажырлы еңбектеріңізге деген лайықты баға мен құрметтің белгісі, – деді аудан әкімінің орынбасары өз құттықтауында.



Шара барысында өз саласында жоғары жетістікке жеткен бірқатар қызметкерлерге аудан әкімінің атынан Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табысталды. Бұл марапаттар сала мамандарының жауапкершілік пен кәсібиліктің үлгісін көрсеткенін айғақтайды. Марапат иелері өз кезегінде көрсетілген құрмет пен сенім үшін ризашылықтарын білдіріп,

алдағы уақытта да туған өлкенің өркендеуі жолында аянбай қызмет ететіндіктерін айтты. Салтанатты жиын мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты. Ән мен күйден шашу шашқан өнерпаздар көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, мерекенің шырайын аша түсті.

М.ШЫНДӘУЛЕТ.

Су шаруашылығы қызметкерлерінің күніне орай марапаттау рәсімі өткізілді

Іс - шараға аудандық партия филиал төрағасы А.Құрманғалиева қатысып, сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Бүгін су шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Климат мың құбылып, тіршілік көзінің тапшылығы қос бүйірден қысқан осынау шақта бұл саланың салмағы да, жауапкершілігі де жоғары екендігін атап өтіп қызметтеріне табыс тіледі.

Марапаттау рәсімінде бірқатар сала қызметкерлеріне облыстық және аудан көлемінде Алғыс хаттар табыс-талды.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия
филиалының консультанты.



СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІНЕ
ОРАЙ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ ӨТКІЗІЛДІ

@amanataksu

МЕРЕЙЛІ ШАҢЫРАҚТАР – МЕРЕЙІМІЗДІ ӨСІРДІ

Ауданымызда «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңі мәресіне жетті.

Отбасы – адамзат баласының ең асыл құндылығы. Ынтымағы жарасқан шаңырақ қашан да қоғамның тірегі, берекенің бастауы болып келген. Осындай өнегелі әулеттерді дәріптеп, көпке үлгі ету мақсатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы биыл да өз жалғасын тапты.

Ауданымызда өткен байқаудың аудандық кезеңі Мольқбай Байсақұлы атындағы мәдениет үйінде қорытындыланып, жеңімпаздарға құрмет көрсетілді. Марапаттау рәсімі көрермендердің қошеметіне толып, мерекелік көңіл-күйді өтті. Салтанатты жиында сөз сөйлеген аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Алматы Алмасұлы байқаудың мән-маңызына тоқталып, қатысушы отбасыларға жүрекжарды лебізін білдірді.

– Мықты мемлекет – берік отбасыдан басталады. Бүгін марапатқа шыққан әр шаңырақ – бірліктің, татулықтың, өзара сыйластықтың нағыз үлгісі. Осындай отбасылар көп болса, еліміздің де іргесі берік, болашағы жарқын болмақ. Барлықтарыңызды шын жүректен құттықтаймын, – деді ол өз сөзінде.

Байқауға қатысқан әр отбасы өзіндік ерекшелігімен, татулығымен, өнері мен



қоғамдық белсенділігімен көзге түсті. Қазылар алқасының шешімімен:

I орын – Құсамбаевтар отбасы, II орын – Сейсебаевтар отбасы, III орын – Мерекеновтар отбасы.

Құсамбаевтар мен Сейсебаевтар отбасылары облыстық кезеңге жолдама алып, аудан намысын абыроймен қорғауға мүмкіндік алды.

Шара барысында бірқатар отбасылар арнайы номинациялар бойынша марапатталды:

Нұрланбековтар отбасы «Шығармашыл отбасы» – номинациясын алса, Тайбориновтар отбасы «Көпбалалы отбасы» – номинациясын, ал, «Спорттық отбасы» – номинациясымен Козыхановтар отбасы марапатталды.

Бұл шаңырақтардың әрқайсысы – қоғамға, өскелең ұрпаққа үлгі боларлық берекелі үйлер. Марапат иелерінің жүзі шаттыққа толы болды. Өсіресе, облыстық кезеңге жолдама алған Құсамбаевтар отбасының анасы Махаббат апай жүрекжарды пікірімен бөлісті:

– Бұл жеңіс – біздің ғана емес, балаларымыздың да ортақ қуанышы. Отбасы – үлкен жауапкершілік. Бірлік пен сыйластықтың арқасында кез келген сынақтан сүрінбей өтуге болады. Енді облыстық кезеңге дайындықты бастаймыз. Ел намысын қорғау – біз үшін үлкен мәртебе, – деді ол толққан дауыспен.

Марапаттау рәсімінде аудан өнерпаздары әсем ән-жырдан шашу шашып, көрерменге ерекше көңіл-күй сыйлады. Ән мен күйге толы мерекелік бағдарлама шараның шырайын кіргізіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы – отбасылық құндылықтарды дәріптеп, берекелі шаңырақтарды кеңінен танытуға арналған маңызды жоба. Ауданымызда озып шыққан өнегелі отбасылардың татулығы мен бірлігі әрдайым көпке үлгі болып қала бермек.

Ал, облыстық кезеңге жолдама алған Құсамбаевтар мен Сейсебаевтар отбасыларына алдағы байқауда сәттілік тілейміз!

М.ШЫНДӘУЛЕТ.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

«КӨЛІКТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК»
ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

ҚР ІІМ Көліктегі ПД-нен келіп түскен нұсқауға сәйкес, Үштөбе ст. ЖПБ-нің қызмет көрсету аумағында қылмыстың алдын алу, жолын кесу және қоғамдық тәртіпті сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен қатар ҚР ӘҚБтК заңдарында көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық жасаған және көлік объектілерінде тәртіппен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру, әуежайлар мен теміржол вокзалдарында жеке тұлғалар тарапынан сондай-ақ, көлік объектілерінде орын алатын жазатайым оқиғаларға, жедел тежеулерге, қоғамдық орындарда оның ішінде жолаушылар поездарында жасалған құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 2025 жылдың 16-25 шілде күндері аралығында «Көліктегі қауіпсіздік» Жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

А.НЕСІПҚАЛИЕВ,
Матай ст. ЖПБ бастығы,
полиция аға лейтенанты.

ТЕМІР ЖОЛДА НЕ ІСТЕУГЕ
ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- ✗ құлаққаппен музыка тыңдауға, телефонмен сөйлесуге
- ✗ көпір таянышына шығуға
- ✗ жолды рұқсат етілмеген жерден кесіп өтуге
- ✗ вагон астымен жүруге (поезд кез келген уақытта қозғалып кетуі мүмкін)
- ✗ платформа немесе темір жол маңында ойнауға
- ✗ платформа шетімен өтетін сызықты басуға (вагондардың шығыңқы бөліктері тиіп кетуі мүмкін)
- ✗ вагон төбесіне шығуға (ол жерде жоғары қысымды сымдар орналасқан)
- ✗ келе жатқан пойыздың алдынан жолды кесіп өтуге

"ОНЛАЙН—БЮДЖЕТ МОНИТОРИНГІ" МОДУЛІ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ БЮДЖЕТІНЕ 8,6 МЛН.
ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАРАЖАТТЫ ҚАЙТАРУҒА
КӨМЕКТЕСТІ

Жетісу облысының ішкі мемлекеттік аудит департаменті «Онлайн бюджет мониторингі» модулі арқылы бюджет қаражатын пайдалану барысында бірқатар заң бұзушылықтарды анықтады. Қабылданған шаралардың нәтижесінде бюджетке 8,6 млн. теңгеден астам қаражат қайтарылды.

БІЛІМ САЛАСЫ

Тәуекелі жоғары операциялар ең көп осы салада тіркелді. Жалпы сомасы 393,7 млн. теңгені құрайтын 817 тәуекелді төлем анықталды. Тексеру нәтижесінде 102,7 млн. теңге көлемінде мақсатсыз жұмсалған қаражат анықталып, 125 хабарлама жіберілді.

Аталған соманың 6,2 млн. теңгесі бюджетке қайтарылды. Ал, 96,5 млн. теңге сомасындағы бұзушылықтар бойынша кінәлі тұлғалар сотталып, жазасын өтеп жатыр.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Салада жүргізілген талдау барысында тәуекелді шоттар анықталғанымен, растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін операциялар заңды деп танылып, шоттар тәуекелділер санатынан шығарылды.

СПОРТ

Бұл салада 47 тәуекелді төлем тіркеліп, олардың жалпы сомасы 34,6 млн. теңгені құрады. 46 хабарлама жолданды. Кейін ұсынылған құжаттар операциялардың заңдылығын растады.

МӘДЕНИЕТ

Мәдениет саласында 15 тәуекелді төлем тіркеліп, жалпы сома 7,9 млн. теңгені құрады. 2,4 млн. теңге көлеміндегі мақсатсыз пайдаланылған қаражат анықталып, бұл сома толығымен бюджетке қайтарылды.

«Онлайн бюджет мониторингі» модулі қаржылық заң бұзушылықтарды жедел анықтау құралы ретінде өз тиімділігін дәлелдеді. Жетісу облысының ішкі мемлекеттік аудит департаменті алдын алу бақылауын күшейту және бюджеттік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырады.

ОНЛАЙН БЮДЖЕТ МОНИТОРИНГІ:
ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ
АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАҚСАТСЫЗ
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚАРАЖАТТЫ
ҚАЙТАРУ

«Онлайн бюджет мониторингі» модулін қолдану аясында Жетісу облысының ішкі мемлекеттік аудит департаменті қаржылық заңбұзушылықтарды жедел анықтауды және мақсатсыз жұмсалған бюджет қаражатын қайтаруды қамтамасыз етті.

Аталған салада жалпы сомасы 393,7 млн. теңгені құрайтын 817 тәуекелді төлем анықталды. Бақылау іс-шараларының нәтижесінде 102,7 млн. теңге бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылғаны анықталып, 125 хабарлама жолданды. Қосымша талдау нәтижесінде 6,2 млн. теңге мақсатсыз пайдаланылғаны белгілі болып, бұл сома бюджетке қайтарылды.

Денсаулық сақтау салада мониторинг барысында тәуекелді шоттар анықталды. Алайда, растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін, операциялар заңды деп танылып, шоттар тәуекелділер тізімінен шығарылды.

Спорт салада жалпы сомасы 34,6 млн. теңге болатын 47 тәуекелді төлем тіркелді. 46 хабарлама жолданды. Құжаттық материалдарды талдау нәтижесінде операциялар заңды деп танылып, шоттар тәуекелдер қатарынан алынып тасталды.

«Онлайн бюджет мониторингі» модулін қолдану арқылы Мәдениет салада жалпы сомасы 7,9 млн. теңгені құрайтын 15 тәуекелді төлем анықталып, 15 хабарлама жолданды. Талдау нәтижесінде 2,4 млн. теңге бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылғаны анықталып, бұл сома толық көлемде бюджетке қайтарылды.

«Онлайн бюджет мониторингі» модулі қаржылық заң бұзушылықтарды уақтылы анықтап, бюджет тәуекелдерінің алдын алуға арналған тиімді құрал ретінде өз тиімділігін дәлелдеді. Жетісу облысының ішкі мемлекеттік аудит департаменті алдын алу шараларын күшейту және бюджеттік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

● ТАЗАЛЫҚ ТАБАЛДЫРЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Ауданымызда ерте көктемнен басталған тазалық айлығы әлі де тоқтаған жоқ. Сенбіліктерді өткізу бойынша көшелерді, саябақтарды, гүл бақтарын мекемелерге, ұйымдар және кәсіпорындарға бекітіп беру мақсатында кешенді жоспар құрылған. Қазір жаздың ортасы болса да тазалық айлығы жоғары қарқынмен жүріп жатыр. Алайда, мекеме - ұйымдар қазір сенбілікке шықпаса да жұмыспен қамту, "Мансап" орталығынан қоғамдық жұмысқа тартылған жұмысшылар мен "Жасыл ел жастар жасағының" тындырған жұмыстары көзге көрінеді.

Шілденің аптап ыстығы көктемде отырғызған ауданның көркін кіргізіп тұрған гүлзарларды қанша күтіп баптап, суғарып, қарап жатса да қуратып бағуда. Тіпті кей күндері 40 градусқа жететін ыстықта күн астында тұрған гүлдер тұрмақ адамдардың өзін далаға шығармайтын аптапқа айналатыны шындық. Сонда да күтіп - баптау жұмыстарын мойнына алған қоғамдық жұмысшылар таң бозарып атқаннан қолдарына қаптарын ұстап, алдымен орталық алаң мен арбаттардың түнімен шашылған қоқыстарын тазалап алып, осы гүлзардың шөбін жұлумен, гүлдердің түбін қопсытумен жұмыстары жалғасып жатады.

Сондай - ақ, кәсіпкерлер мен кәсіпорындар жетекшілері, ұйымдар мен мекемелер басшылары өз ғимараттарының маңайында санитарлық шаралар жүргізуді тоқтатпаған. Қоғамдық жұмысшылар өздері тазалайды деген кереғар пікірден, жаман қасиет аулақ.

ҰЯЛМАЙТЫН АУЫЛ
БОЛАЙЫҚ!

"Тазалық өзіміз үшін" - деген ұстаным әр аудан тұрғынының санасында тұрса ауданымыз әрқашан таза болатыны сөзсіз.

Алдағы уақытта күзгі санитарлық - тазалық айлығы да басталады. Осы кезде рейдтер, учаскелік инспекторлармен,

СЭС өкілдерімен бірлесе тексерістер ұйымдастырылып, нәтижесінде лас орындар анықталған жағдайда әкімшілік айыппұлдар салынатын болады. Ауданның көрікті болуын қалайтын әркім бұл іске үлес қосуы тиіс.

Ауданымыздың тазалық күтімі бәрімізге байланысты. Тек жұмыла көтерсек ғана жүк жеңіл болмақ. Осы жайттарға орай, бүкіл аудан тұрғындарын ертеңгі өтетін сенбіліктерге бір кісідей атсалысуға шақырамыз.

Өз аулаларыңызда, көшелеріңізде, үйлеріңізде тазалық пен тәртіптің орын алуын қадағалаңыздар.

Жаз болған соң ауылымызға алыстан құда - жежкат, басқа да қонақтарымыз көп келетіні белгілі.

Сол кезде ауылымыздың көрікті жерлерін көргілері келеді. Ендеше, қонақтарымызды көрікті көшелер мен тазаланған аулаларда ұялмай қарсы алайық.

Баршамыз өскелең ұрпаққа үлгі болатындай іс жасап, үйімізге, ауылымызға, Отанымызға деген сүйіспеншілігімізді көрсетейік. Тазалық мәселесі ауыл тұрғындарының барлығына қатысты. Әр азаматты тазалыққа тәрбиелеу отбасынан басталуы тиіс. Әрқайсысымыз өзіміз тұратын үй - жайдың айналасын таза ұстап, артық - ауыс қалдықтарды шашпай, ұқыпты болсақ, туған ауылымыздың таза әрі көрікті мекенге айналуына титтей де болса үлес қосар едік. Қоршаған ортаның, өзіміз өмір сүретін ауданның тазалығы әрқашан бірінші орында болуы керек.

Ербол СЫМХАНОВ.

Бір жылыңды ойласаң, егін ек, он жылыңды ойласаң ағаш ек, Жүз жылыңды ойласаң ұрпақ тәрбиеле



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

Биыл «Жұмысшы мамандықтары жылы». Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаев «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз!» деген болатын. «AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалы жұмысшы мамандарды насихаттаудан қалыс қалмайды. Біздің бүгінгі өңгімеміз де осы нағыз жұмысшы мамандары, мерейлі отбасы туралы болмақ. Халқымыз – «Бір жылыңды ойласаң, егін ек, он жылыңды ойласаң ағаш ек, Жүз жылыңды ойласаң ұрпақ тәрбиеле» – деген екен. Жансүгіров ауылдық округіне қарасты Көкөзек ауылында тұратын Үкібаевтар әлетінің бойынан осы үш қасиет те табылады.

Иә, «шөлде құдық қазған бір сауап, өзенге көпір салған бір сауап, таңырға ағаш еккен бір сауап» – деген де сөз бар.

Бұл мақалда адамзат үшін пайдалы істер мен игі бастамалар жасау туралы айтылған. Жалпы алғанда, мақалада адамдарға өз қоғамдық ортасына, табиғатқа пайдалы іс - әрекеттер жасау, қоғамды жақсартуға үлес қосу қажеттілігі туралы айтылады.

Қазір таңда ауданымызда алдағы он жылын ойлаған бағбан бар ма? Біздің



най ағамыз егіс алқабына кетіпті. 42 гектар суармалы егіс алқабында 20 га. Соя, 10 га, жоңышқа, 10 га күздік бидай және ауданның ең қажетті кәсібі қант қызылшасынан да 4 гектар сеуіп, күтіп баптап отыр екен.

Ағамыз әрбір күнін үйдің жанындағы жеміс ағаштарының түбін қопсытудан бастайды. Ол: «Бағбан болсаң бақ өсір, балама деп тағы өсір» деген нақылды өмірлік ұстанымы еткен. Кезінде сол орын

терлеп жұмыс істемесе, сол сияқты өзі қалаған іспен айналыспаса ашуға бой алдырып, ауру шақырады. Аға да сондай. Азаннан қара кешке дейін осы бақ болмаса уақыт өтпейтіндей.

Жары Жібек Дүйсенбековамен ардагер ұстаз. Екеуі ауылда бірге өсіп, арман қуып қалаға оқуға да бірге барады. Жібек апамыз ҚазГУ – дың тарих факультетін бітіріп, ауылға тарих пәнінің мұғалімі болып оралады. Алдынан қаншама түлек ұшты.

шығар. 1972 жылы 13 сәуірде екеуі отбасын құрады. 1991 жылдан 2008 жылға дейін аудан орталығындағы ҚазСуШар мекмесінде инженер гидротехник, 2008 жылдан 2014 жылға дейін, яғни, зейнеткерлікке шыққанша Көкөзек ауылында бас маман болып қызмет атқарған. Қазіргі таңда жеке шаруа қожалығымен айналысып келеді.

Жібек апамыз екеуі 3 қыз, 1 ұл тәрбиелесе, оқу кезінде немеренің сабағын қадағалайды, шөбереге ертегі айтып беретін асыл әже. Балаларының барлығы мұғалімдікті қалаған. Негізі бұл отбасын ұстаздар династиясы деп те атауға болады. Үлкен қызы Самал еңбек жолын ұстаздықтан бастап, қазіргі таңда Алматы қаласының әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде қызметте. Екінші қызы Толқын да Алматыда ағылшын тілі пәні мұғалімі. Одан кейінгі жалғыз ұл Дәурен аудандық білім бөлімінде кадр маманы болып жұмыс жасайды. Оның жары Зухра да ауылдағы Қ.Терібаев атындағы орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. Кенжесі Торғын да осы жолмен жүріп, қазір кәсіпкер. Атырау қаласында тұрады. Сонау Атыраудан туған жерді ойлап жұма сайын ауылдағы дүкендерге тегін жүз нан таратуға қаржы жіберіп отырады екен. Оның жолдасы, яғни, осы отбасының күйеу баласы Көбенов Сағат Атыраудан келіп, аудан орталығындағы жақында ғана жаңадан берілген үш қабатты үйді салған компанияның жетекшісі.

Жібек апамыз бүгінде келіні Зухрамен бірге тосап қайнатып, қияр, қырыққабат тұздап қыстың қамына кіріскен.

Ал, ағамыздың күнделікті жұмысы бауды тексеруден басталады. Екі жыл бұрын отырғызған 350 түп ағаш түгелімен



бағбан деп жүргеніміздің көбі жұмыстың жоқтығынан амалсыз бағбан болғандар немесе зейнет жасындағылар. Ал, Францияда бағбан болып кілең жас қыз - жігіттер жұмыс істейді екен. Өйткені, онда ең бағалы, құрметті мамандық осы – бағбаншылық. Еңбекақысы да басқалардан беделді. Біз де бағбандықты сондай дәрежеге жеткізсек, қаншама жасты жұмыспен қамтамасыз етіп, жерімізді әлдеқашан-ақ жасыл желекке көмкеруші едік.

Бау - бақша ісін нарықтық қоғамда нан табу үшін емес, қызығушылық пен табиғатқа деген жанашырлықтан бастаған жанның бірі – аталмыш ауылдың тұрғыны, бүгінде 75 жасқа толған, «Әлмұхамбет У» шаруа қожалығының төрағасы Үкібаев Жанай Әлмұхамбетұлы.

Міне, осы кісінің бағбаншылығын жазу мақсатында Көкөзек ауылына іздеп бардық. Үйін есік алдындағы әдемі гүлзардан таныдық. Оның бау - бақшасы жаңадан отырғызылса да, 1 гектар жерге егілген 350 түп, төрт сұрыпты, яғни, Алматыдан арнайы алдырған төрт түрлі алма бағы құдды ауылдағы шағын саябақ дерсің.

Ағамыз осы алма ағаштарын екі жыл бұрын ғана отырғызыпты. Ал, өзінің бақшасында қияр мен қызанақ, қауын мен қарбыз, сәбіз бен қызылша, тәтті бұрыштар мен қырыққабаттар, т.б. қажетті жеміс – жидектер жайқалып тұр. Бізді қызықтырған ең алдымен есік алдына кіргендегі гүлзар. Әдемі гүлдердің небір түрі егілген аула көздің жауын алады. Біз барғанда зейнет жасындағы Жа-



тәжірибе алаңы болып алма ағашы болған екен. Ағаштар ескіріп, қурап қалған соң ағамыз өз күшімен, өз қаражатымен сол алма бағын қайтадан қалпына келтіріпті.

Қол қусырып қарап отыру адамды мезі етеді. Ер азамат энергиясын шығармаса,

Барлығы да анамызды құрметтейді.

Ағамыз болса гидротехник болып келіп, 1972 – 1991 жылға дейін Қаракемер, Ақсу тәжірибе шаруашылығында бас маман болған. Осы арада Жібек апамызбен бас қосқаны туралы айта кеткеніміз жөн

көгеріп, алма беруге дайын. Бұйырса алдағы жылы барлығы жеміс береді дейді ағамыз.

Иә, жерге еткен жақсылық жерден қайтады. «Мың шыбық шаншып өсірсең, халқыңа орман салғаның, өзіңе қорған салғаның» деген бабамыз. Экологиялық аймақ саналатын біздің жерімізге жасыл желек өте қажет. Жемісі өз алдына, жасыл жапырағы ауаны тазартады. Ал, тазалық – ұрпақ саулығының кепілі. Сол үшін де ағаш санын арттырып, баламызға атарытып алыстан келген емес, өзіміз баптаған жемісті ұсынуымыз керек, – дейді бағбан.

Ала жаздай баптаған бағынан қуаныш тапқан Жанай ағамыздың еңбеккерлігіне тәнті болсақ, анамыздың іскерлігін көргенде одан да бетер қызықтық. Жібек апамыз қолы босағанда іс машинасына отырып алып, құрақ көрпенің неше түрін құрайды екен.

Міне, осындай ата – әжелеріміздің ерен еңбектері жастарға үлгі. Атамыздың қасында көмектесіп, шапқылап жүрген Шоқан деген балдырғанды немере ма десек, атамыздың шөбересі екен. Немерелері Дәулет, Ерсұлтан және Мұхтархан ауылдағы мектептің жоғары сынып оқушылары. Биыл бокстан Республика құрамасына өтіп ел намысын қорғап жүлдемен оралыпты. Үшеуі де ҚР спорт шеберлігіне үміткерлер, Республикалық жарыстардың жеңімпаздары.

**Алма ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
«AMANAT» партиясы аудандық
филиалының төрағасы.**

БИЫЛ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 180 ЖЫЛ!

Биыл ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы. Алдымыздағы аптадан бастап, Абай дана туралы материалдар барлық газеттерде шыға бастайтыны сөзсіз. Себебі, 10 тамызда Абай Құнанбаевтың туған күні.

Осы мерекелік датаға байланысты nfo@baribar.kz сайтынан осы материалды тауып, оқып көріп, өзіміздің газетке сілтемесін көрсете отырып, жариялағанды жөн санадық.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ.

Ақынның арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжаидан Айдос, Қайдос, Жігітек есімді 3 ұрпақ тарайды. Бұлардың әрқайсысы кейін бір - бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпар деген әйелінен: Ырғызбай, Көтыбақ, Толай.

Ана айтқанындай, шынында, бұлардың ішінде Ырғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Ырғызбайдан Үркер,

медресесінде дәріс алып, ауыл молдасы Ғабит-ханнан оқыған. Әкесі онын зеректігін байқағаннан кейін, 10 жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді. Онда 3 жыл оқыған, Медресенің үшінші жылында ол осы қаладағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, онда 3 ай орысша оқиды. Бұл тұста М.О.Әуезовтің «Өзі тұстас үлкен - кіші балалардың барлығынан сонауғұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бірақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кі-тапқа қарамай жатқа айтып шыға алатындай зерек болады. Сонымен дәріс үстінде оқылатын сабақтарды ұғып білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытын Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады. ...Оқуға кірген соңақ, тез есейіп, ілім қуған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, сезімді оқушы бола бастаған. Өзінің әбден сүйіп, таңдап оқыған ірі ақындары болады. ... Сол бала күнінде жаттаған кейбір өлеңдері ұлғайып, көрілікке жеткен уақытына



біріне - бірін қарама - қарсы қою кездеседі. Мыс., Сократ адамды табиғатқа қарсы қойып, әділдік, ізгілік секілді адамның жақсы қасиеттерін зерттеу қажет те, ал табиғатты зерттеу деген көңіл бөлуге тұрмайды деп санаған. Табиғат өзгереді, құриды, мәңгі өзгермейтін жаратушы бір Алла ғана деген ұғым бар. Жақсы адамның өзі өлсе де, жаны өлмейді деген пікірді философтар да айтқан. «Адам өлмес» деп бірден кесіп айтқан ойын Абай төмендегідей жалғастырады:

...«Ол бірақ қайтып келіп ойнап -

күлмес,

«Мені» мен «менікің» айрылғанын

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес».

... Дәл осы өлеңінде «мен» және «менікі» деген ұғымдарды Абай ажыратып, дәлірек айқындамайды. Келесі шумақта: ...

«Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып аяғын көп шалдырған,»

— дей келіп, алғашқы ойын енді тікелей жалғастырғандай:

«Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...»

— дейді.

ӨЛДІ ДЕУГЕ СЫЯ МА, ОЙЛАҢДАРШЫ, ОЙМҰЙҒҰҢЫН АРТЫНА СӨЗ ҚАЛДЫРҒАН...

Мырзатай, Жортар, Өскенбай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болғандықтан, «Ісің адал болса Өскенбайға бар, арам болса Ералыға бар» деген мәтел сөз қалған. Өскенбайдың әйелі Зердеден Құнанбай туады.

Құнанбай 4 әйел алған адам. Оның бәйбішесі Күңкеден - Құдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған екінші әйелі: Ұлжаннан - Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан - Халиулла, Ысмағұл туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ жоқ. Абайдың «Атадан алтау, анадан төртеу едім дейтіні осында. Болашақ ақын сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған «кәрі әжесі» Зеренің таусылмайтын мол қазынадай аңыз ертегілерін естіп, абысын - ажына жайлы, мінезі көнтерлі, әзіл - қалжыңға шебер, жөн - жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті. Абай әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілетін еді. Құрбыларынан анағұрлым зейінді бала оқуға бар ықыласымен беріліп, үздік шәкірт атанады. Ол енді дін оқуын ғана місе тұтпай, білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады. Сөйтіп көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, киссалармен танысады, Шығыстың Низами, Науаи, Сәғди, Хафиз, Фзули сияқты ұлы ғұлама, классик ақындарына бауыр басады. Медресенің үшінші жылында Абай Семей қаласындағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, орысша сауатын аша бастайды. Бірақ бұл оқуын әрі жалғастыра алмай, небәрі 3 жылдан соң оның мұсылманша да, орысша да оқуы аяқталады. Абайдың басқа балалардан алымдылығын аңғарған Құнанбай оны елге шақырып алып, өз жанына ертіп, әкімшілдік - билік жұмыстарына араластырмақ болады. Сөйтіп 13 жастағы Абай ел ісіне араласады.

АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Абай бала кезінде ширақ, пысық болмағанымен, елдегі шешен, ақын, ертегішілер өңгімесін тез ұғып алатын зеректігімен, ынталылығымен ерекшеленген, Шортанбай, Дулат, Бұқар жырау, Марабай, Шөжелерді тыңдап өскен. Анасы Ұлжан да шешен болған, сөз қадірін білетін ортада өскен кісі. Оның ағасы (әкесі Тұрланның інісі) Тонтайдың өлерінде қожа - молдаларға карап: «Жазыла - жазыла қожа - молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас»,—дегені халық аузында мәтел болып кеткен. Құнанбай жақының да кеңінен толғап сөйлер терендігі, өз тұтастарының ғана емес, шетелдік саяхатшылардың да назарына іліккен; Құнанбай қажы «Ескітам» деген қоныстан медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. Абай сегіз жасында әуелі сол «Ескітам»

шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған» деген тұжырымы болашақ ұлы ақынның қалыптасу кезеңін айғақтайды. Абай бір жағынан шығыс классиктері Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Жәми, тағы басқаларды оқыса, екінші жағынан А.С.Пушкин, А.И.Герцен, М.Е.Салтыков - Щедрин, Н.А.Некрасов, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, Ф.М.Достоевский, И.С.Тургенев, Н.Г.Чернышевский мұраларын оқып, терең таныс болған, Батыс әдебиетінен Гете, Дж. Байрон сияқты ақындарды оқып, түрлі ғылым салалары бойынша зерттеулер жүргізілді. Есейген шағында, осы өзі оқыған философ, ақын, ғалымдармен тең дәрежеде пікір таластырып, олардың ішінен ірі ақындардың өзіне әсері болған кесек туындыларын қазақ тіліне аударған. Аударған өлеңдері көркемдік жағынан негізгі нұсқасымен тең түсіп, кейде асып та жатады. Құнанбай Абайдың өзге балаларынан ерекше зеректігін ерте сезіп, оны әрі қарай оқытпай қайтарып алып, ел ісіне араласуға баулиды. Сөйтіп 13 жастағы Абай әке ықыласымен әкімшілік-билік жұмыстарына араласады. Ол әке қасында болған жылдарда қазақ даласындағы әлеуметтік өмір қайшылықтарын жан - жақты тани түседі. Патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен пара-қор орыс әкімдерінің, жергілікті жарамсақ болыстар әрекеттерінің халық тағдырына кеселді, зияндылығын айқын түсініп, соған қарсы батыл қимылдар жасаған. Алайда оның тамыры тереңде жатқанын, отарлау жүйесінің бел алып, елдің құрсауда қалғанын сезіп күйзелген. Патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен оның аярлығын түсінбей өзара қым-қиғаш айтыс-тартысқа түскен, танымы таяз болыстар мен ел билеушілеріне қарсы күресуге бел буған Абай болыс сайлауына түсіп, жеңіп шығады. 1875—1878 ж. Қоңырқекше еліне болыс болады. Бұл жылдары өз қолындағы билікті пайдаланып, әділдік таразысын тең ұстауға құш салды. Абай кейіннен, 1886 ж. Е.П.Михаэлистің ұсынысымен, Семей облыстық статистика комитетінің толық мүшесі болып сайланды. Абай 1880 ж. И.Долгополов, А.А.Леонтьевпен танысып, олармен тығыз қарым - қатынаста болған. Абай ел ісіне араласқан жылдарында әділеттілігімен, білімділігімен көрініп, халық арасында беделі өседі.»

САЯСАТКЕР АБАЙ

1885 ж. мамыр айында Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде Семей ген.-губ. Цеклинскийдің басқаруымен Семей губ.-на қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезі өткізілді. Осы съезде төбе би болып сайланған Абайға «Семей қазақтары үшін қылмыстық істерге қарсы заң ережесін» әзірлеу тапсырылды. Абай бастаған комиссия барлығы 93-баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде әзір бітті. Бұл қазақ қауымындағы әдет заңдарына да, патша өкіметінің халықты қанаушылыққа, зорлық - зомбылыққа негізделген заңына да ұқсамайтын, өзгеше құжат еді. Оның, әсіресе, ұрлық, қылмыс пен әйел мәселелеріне арналған баптары ерекше құнды. Бірақ Абайдың беделін

өсірген Қарамола съезінен кейін оның қарсыластары көбейіп кетеді. 1890 ж. Байғұлақ, Күнту деген кісілер бас таған 16 атқамінер Жиренше қыстауының шетіндегі Ши деген жерде Абайға қарсы дұшпандық әрекетке сөз байласады. 1891 ж. Оразбай бастаған дау 1897 жылға дейін созылады. Бұл шиеленістің аяғы 1898 жылғы Мұқыр сайлауындағы жанжалға, Абай өміріне қастандық жасауға әкеп соқтырады. Ақын бұл жанжалдың барша жиреністі сырын, өзінің ақ екендігін Сенатқа жазған хатында айғақты деректермен дәлелдеп береді». (Абай. Энциклопедия. А., 1995.49-бет).

Ел басқару қызметінде барынша әділ болып, халық қамын ойлаған, «тура биде туған жок, принципті ұстанған. Ғұмырының соңына қарай пенделік шаруалардан бойын аулақ салып, уақытының көбісін шығармашылыққа арнаған.

Абай үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдәдан - Ақылбай, Әбдірахман, Құлбадан, Әкімбай, Мағауия, Райхан; екінші әйелі Әйгерімнен — Тұрағұл, Мекайыл, Ізқайыл, Кенже, барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан — ұрпақ, көрген жоқ. Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері -«Иузи-рәушән», екіншісі — «Физули, Шәмси». Өлеңдерін қағаз бетіне 80 - жылдардың ортасында түсіре бастайды. «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абыралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870 — 1880 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы — «Қансонарда» 1882 ж. жазылған.

Бастан - аяқ динамикалық суреттерден тұратын бұл өлең қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі ғұымдардан өзгеше, ішкі ой иірімдері терең. Абай лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда көп салалы, көп қырлы болып келеді. Ол қазақ поэзиясында тіл кестесіне, сөз қолдануына да жаңа сипат дарытқан ақын. Абай поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімнің сан құбылып ойнақшуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа да бейнелі сөздердің жаңа, өзі шығарған соны үлгі — өрнектері мол. Мыс., «жүректің көзі», «жүректің оты», «көңілінің көзі ашық», «көңілдің жайлауы», «ой өлкесі» деген ауыспалы мағына туғызатын бейнелі сөздерді - метафораларды қолданады. Бірде ақын жүрегі келіптеу бейне арқылы сипатталады: «Жүрегім менің — қырық жамау». Осындағы жұпқыланып, кескіленген, қырыққа бөлінген, парша - парша болып бөлектенген жүрек бейнесі ақынның өкінішін, арманын, қастандық - өшпенділіктен шеккен азабын, сүйенерге тірек таппай күйзеліп налуын, т.б. көркемдік шеберлікпен жеткізіп тұр. Абайдың ұлылығын танытатын өлеңінің бірі — «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес». Осы өлеңнің бастапқы тармағындағы сөздердің мәнісіне үңілсек, табиғат сөзін қалыпты мағынада алып, аспан мен жер, күн мен айды айтып отырған сияқты. Олардың өмірі адам өмірінен ұзақ екені талассыз. Ескі философтар. еңбектерде табиғат өлсе де, адам өлмейді деп, осы екеуін

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

«Адам өлмес» дегеннің мағынасы өзі өлсе де, кейінгіге сөзі, айтқан ойы қалады деген пікірге саяды. Абай «Өлең сөздің патшасы» өлеңінде «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел!» - деп жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етті. Жаңа танымның баурап аларлық күшін, жаңа ақындық сөздің құнын әрбір адамның тани алатынына қазақ өмірінің сол кездегі жағдайында толық сенім арту қиын да еді. Абай оны жақсы түсінді, мұны оның «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңіндегі мына шумақтар толық дәлелдейді: ...» Шу дегенде құлағың тосансыды, Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей».

Бұдан біз ақын өлең - жырларындағы жаңа, соны ой - пікірлерді жұртшылықтың қалай қабылдайтынына ерекше мән бергенін айқын аңғарамыз. Өлең - жырға көңіл қоятын қауымнан мән - жайын түсініп байыбына жетуді талап етті. «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей». Абай ақын халықтың тағдыры мен қасіретін терең түсініп, оның жоғын жоқтаушы болуға тиіс деп санаған. Абайдың өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар мол. «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Қан сонар-да бүркітші шығады аңға», «Қдлыңелім, қазағым, қайранжұрғым», «Жаз», (Жаз-дыгүн шілде болғанда) «Желсіз түнде жарық ай», «Болыс болдым, мінекі», «Қызарып, сұрланып», «Келдік талай жерге енді», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Көк тұман — алдындағы ке-лер заман» секілді өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, мүлде тың дүние, шығармашылық жаңалық. Бұларға қоса «Ем таба алмай», «Ата - анаға көз қуаныш», «Сағаттың шықыл-дағы емес ермек», «Нұрлы аспанға тырысып ескенсің сен», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», аударма өлеңдерден «Жалғыз жалау жал-тылдап», «Жолға шықтым бір жым - жыр-түнде жалғыз», «Қанжар», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» сияқты тағы сан алуан шығармаларды атауға болар еді. Абай өлеңдерінің көбі не тақырыбы, не стилі, жанрлық сипаты немесе өлең өрнегі жағынан мүлде жаңа болып келетіндіктен осы топқа жатқызуға болады деген туындыларды түгел қамтып, бөліп алудың өзі өте қиын. Міне, осындай ондаған кемеліне келген өлең үлгілерін туғызған Абай соларға ұқса, біртектес өлеңдер жазуға ұмтыла бермейді. Өрине, қай ақында болсын бірнеше өлең-дер тақырыбы жағынан жалғас келіп отырады. Бұл сол тақырыпқа тереңдеп бару үшін қажет. Бірақ ол тақырып әр өлеңде әр қырынан ашылады. Абайдың сарқылмас шығармашылық тапқырлығы, оның қолынан шыққан кемеліне келген, көркемдік бітімі жағынан мүлтіксіз өлең үлгілерінің көптігі және әрқайсысының бір - біріне ұқсамайтын, жаңаша сипатты дүние болып келетіні.

(Жалғасы бар).

ТЕГІН ТІЛ КУРСТАРЫ!

1 тамызға дейін қазақ, ағылшын және іс жүргізу бағыттары бойынша тегін курстарға тіл үйренушілерді қабылдаймыз.

Курстың ұзақтығы: 3–6 ай
Аптасына 2 рет, 1,5 сағаттан
Сабақтар тәжірибелі маман-дармен өтеді

Форматы: офлайн
Қатысушыларға сертификат беріледі

Талдықорған қаласы, Қаратал
36 Б. Жетісу облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы.

Өз білімді арттырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашқың келсе — бізге қосыл!

Қабылдау: 15 шілде - 1 тамыз аралығы.

Орын саны шектеулі
Байланыс нөмірлері:
87762962200, 87715924047.

ТІЛ ТАҒДЫРЫ - ЕЛ ТАҒДЫРЫ!



МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып әкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметтің қоғам өмірінде үлкен орын алады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасының деңгейі еліміздің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты, көптеген шет мемлекеттер мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғары болуына және осы саланың дамуына үлкен мән береді.

Жалпы мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз не?

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз - көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші

бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің негізгі қағидаттары:

- көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;

- мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;

- мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;

- мемлекеттік көрсетілетін

қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;

- мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;

- мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

Арал ауданаралық әділет басқармасымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтің негізгісі заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 29 мамырдағы №66 бұйрығымен бекітілген заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөнінде мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары негізінде жүргізіледі.

Ж.КАДЕНОВА,
Көшкентал ауылдық
округінің бас маман, салық
инспекторы.

Жақсылық жасап жарысайық!

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Осы орайда: "Қызылағаш негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде де "Мектепке жол" акциясы 2025 жылдың 1 - тамыз бен 30-қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

Іс - шараның мақсаты - аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім, жартылай жетім балаларға, сондай-ақ, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке

бармауының алдын алу үшін көмек көрсету болып табылады.

Бүгінгі таңда 3 оқушыға демеушілер тарапынан көмек көрсетілді. Оқушыларға демеушілік болып, қолдау көрсеткен алғашқылардың қатарындағы ауыл азаматтары Молдағалиев Ербол, Мешелов Бауыржан және Аманкелдіұлы Досымбек. Қайырымдылық жасап демеушілік көрсеткен әрбір азаматқа мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс білдіреміз. Бұл акция әлі де 30-қыркүйекке дейін жалғасады, Сіз де өз үлесіңізді қосуға асығыңыз!

Жанар АБАЙДИЛЬДИНОВА,
«Қызылағаш негізгі орта мектебі, мектепке
дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар өзекті мәселеге айналып тұрғаны баршамызға мәлім. Сыбайлас жемқорлық - бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жарияланады. 2023 жылғы 01 қыркүйекте Президент өзінің "Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты" жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барлық бағыттар бойынша жаңа серпін



беру қажеттігін атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әрекетсіздік азаматтардың наразылық сезімдері мен құқықтық нигилизмнің өсуіне әкеледі. Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Бұл жағдайда көрсетілген ақша мен игіліктерді

әрдайым парақордың жеке өзі алмайды, оларды көбіне оның жақын адамдарына немесе жасанды жалған ұйымдарға ұсынады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Ж.АЛШЫНБАЕВА,
аудандық орталық
кітапханасының
кітапханашысы.

● БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ?

САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН АЗАМАТТАРҒА ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ?



Шамамен 1,63 трлн. теңге кепілдендірілген медициналық көмек көлеміне кіретін қызметтерге қарастырылған. Мұндай қызметтер тегін көрсетіледі. Сақтандырылмаған пациенттер де тегін ала алады.

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бюджет қаражаты есебінен Қазақстан азаматтарына, қандастарға, босқындарға, сондай-ақ елде тұрақты тұратын және ықтиярхаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға көрсетіледі. Ал елімізде уақытша тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар және баспана іздегендер қоршаған ортаға қауіп төндіретін жұқпалы аурулар кезінде жүгіне алады.

«2025 жылғы медициналық қызметтерді қаржыландыруға жалпы 2,96 триллион теңге бөлінді, оның 1,63 триллион теңгесі ТМҚК пакетіне кіретін қызметтерге және 1,33 триллион теңге МӨМС пакетіне тиесілі. Көпшілік сақтандырылған мәртебесі болмаса емханада қабылдамайды деп ойлайды. Алайда, МӨМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан көрсетілетін медициналық қызметтердің тізімі бар», - деп атап өтті ӘМҚК басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

ТМҚК пакеті қандай қызметтерді қамтиды?

1) Жедел медициналық көмек: жедел жәрдем бригадасын шақырудан бөлек, оған санитарлық авиация қызметтері де кіреді.

2) Алғашқы медико-санитариялық көмек: учаскелік дәрігер қабылдауы (жалпы тәжірибе дәрігері, терапевт, педиатр, медбике) диагностика, ең көп таралған ауруларды емдеу және басқару, мақсатты халық топтарын профилактикалық қарау, им-мунизация, аурулардың мінез - құлыққа байланысты тәуекел факторларын ерте анықтау және мониторинг, салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау, репродуктивті денсаулықты қорғау шаралары, жүкті әйелдер мен босанған әйелдерді босанудан кейінгі кезеңде бақылау.

3) Амбулаториялық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек: ЖИТС пен туберкулезді алдын алу және диагностикалау, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар және созылмалы ауруларды диагностикалау мен емдеу, жарақаттар, уланулар немесе басқа шұғыл жағдайлар кезінде медициналық қызметтер көрсетіледі.

4) Стационарды алмастыратын жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек: Әлеуметтік мәні бар және созылмалы аурулары бар адамдарға арналған күндізгі стационар қызметтері.

5) Стационар жағдайындағы мамандандырылған медициналық көмек:

шұғыл көрсеткіштер бойынша госпитализациялау, шұғыл госпитализация кезінде стационардың қабылдау бөлімінде емдеу және диагностикалау, әлеуметтік мәні бар және сирек (орфандық) аурулар кезінде жоспарлы госпитализация, айналасындағылар үшін қауіпті жұқпалы немесе паразиттік аурумен ауырған науқаспен байланыста болған адамдарды оқшаулау, сондай-ақ, жұқпалы немесе паразиттік ауруға күдікті немесе ондай диагнозы қойылған адамдарды госпитализациялау.

6) Медициналық оңалту: ТМҚК шеңберінде туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық оңалту жүргізіледі.

7) Уәкілетті орган айқындайтын аурулар тізбесі бойынша паллиативтік медициналық көмек.

8) Қан мен оның құрамдас бөліктерімен қамтамасыз ету;

9) Патологиялық - анатомиялық диагностика;

10) Өлімнен кейінгі донорды органдар мен тіндерді алу үшін дайындау, алу, сақтау, зерттеп қарау, жинау және трансплантация үшін тасымалдау.

Бұдан бөлек, пациенттерге ҚР ДСМ бекіткен тізімге кіретін кейбір созылмалы аурулар бойынша дәрі-дәрмекпен және медициналық бұйымдармен жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз ету қызметі қолжетімді.

Естеріңізге сала кетейік, бұл медициналық қызметтер азаматтарға МӨМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан көрсетіледі. Егер Сізге медициналық көмек көрсетуден заңсыз бас тартса, әр емхана мен ауруханада жұмыс істейтін Пациенттерді қолдау қызметіне жүгінгеніңіз абзал. Олар мәселені сол жерде шешуге көмектеседі. Егер медициналық ұйымнан мардымды жауап болмаса, өтінішті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жолдау керек.

«ӘЛЕУМЕТТІК
МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ»
КЕАҚ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



АЛАЯҚТАР

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 197 (153) интернет алаяқтық фактілері тіркелген, жалпы алғанда өткен жылмен салыстырғанда интернет-алаяқтық 28,8%-ға азайған.

197 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-108, Текелі қаласы – 19, Ақсу – 9, Алакөл – 11, Ескелді – 10, Кербұлақ – 8, Көксу – 6, Қаратал – 10, Панфилов – 7, Сарқан - 9. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде, Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды. Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады. Әлеуметтік желілер пайдаланылады: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттерін туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере бастады.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Айдын ТӨРЕБЕКОВ,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығы, аға әділет кеңесшісі.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүлктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі ту-

ралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылғы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп

порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Али БАЛАБЕКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық
саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру прокуроры.

“ЖЕР – 2025” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ – ШТАБТЫҚ ОҚУ – ЖАТТЫҒУЫ



“Жер - 2025” республикалық командалық - штабтық оқу-жаттығуы Ақсу ауданы І.Жансүгіров ауылында өтті.

2025 жылғы 23 шілде күні жойқын жер сілкінісінің салдарын жоюға дайындықты арттыру мақсатында “Жер-2025” республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді.

Оқу - жаттығу барысында аудан әкімі Берік Тынышбаев төтенше жағдайларға дайындық деңгейін тексеріп, апаттық-құтқару қызметтерінің іс-қимыл алгоритмдерін бақылап шықты.

Іс-шараның негізгі мақсаты – халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлар кезінде жедел әрі үйлесімді әрекет ету дағдыларын жетілдіру.

АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ.

101 ХАБАРЛАЙДЫ

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!

Адами факторлар табиғи өрттердің негізгі себептері болып табылады. Адамдар даладағы өткен жылдан қалған шөптерді жиі өртейді, қатты жел оттың ұшқындарын қалыптастырып, өрт орын алады.


Сонымен қатар, еліміздің аумағында күннің аптап ысуына байланысты дала өрттерінің орын алады. Көп жағдайларда дала өрттері адамдардың абайсыздығынан пайда болады.

Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын өшірмей кеткендіктерінен немесе көлік жүргізушілерінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан, ашық алаңқайда қоқысты немесе құрғақ шөптерді жағуы және т.б. салдардан пайда болады.

Сол себепті, осы кезеңде көкке шыққан азаматтардың далалы аймақта өте сақ болуы және өрт қауіпсіздігі қағидаларының шараларын сақтап, өте мұқият болуы қажет.

Ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ тұрғын үйлердің және басқа ғимараттардың аумағы тез жаңғыш қалдықтардан, жапырақ қалдықтарынан, құрғақ шөптерден және т.б. қоқыстардан тазалануы керек.

Ашық өрт жағуға, қалдықтарды өртеуге тыйым салынады. Өрбір тұрғын үйлердің жанына су бөшектерін және өрт



сөндіргіштерді орналастыруға болады.

Жазғы мезгілде ата - аналар балаларға ерекше назар аударуы тиіс. Ата - аналар балаларға сіріңкемен ойнауға болмайтын түсіндіру керек. Өзіңіздің істеріңізбен балаларды өрт қауіпсіздік ережелеріне үйретіңіз!

Құрметті аудан тұрғындары!

- Шөптер мен сабандарды жақпаңыздар.
- Бақылаусыз қоқыстарды өртемеңіздер және алау жақпаңыздар.
- Балаларға сіріңкемен ойнауға, шөптерді өртеуге рұқсат бермеңіздер.
- Оттың бір құрылыстан басқасына өтіп кетпеуі үшін, шаруашылық аулаларының, гараж кооперативтерінің аумақтарын құрғақ шөптерден және қоқыстардан тазартыңыздар.
- Жанған сіріңке мен темекі тұқылдарын лақтырмаңыздар.
- Күннің астында бөтелке

немесе шыны сынықтарын қалдырмаңыздар.

- Құрғақ және желді ауа-райында алау жақпаңыздар, оларды сөндірісүз қалдырмаңыздар. Егерде Сіз басталған өртті байқасаңыз, мысалы, кішкене өртенген шөп, оны өздігіңізден өшіруге тырысыңыз. Кейде жай ғана жалынды таптап тастау да жеткілікті (шындығында, шөптің бықсып жатпағандығына көз жеткізіп, күте тұру керек, әйтпесе от қайта жануы мүмкін).

Егерде от қатты жанса, оны өз күшіңізбен сөндіре алмасаңыз, шамаңыз келгенше онымен айналысатындарға тезірек хабар беруге тырысыңыз.

101 және 112 телефондарына қоңырау шалып, байқаған жану ошағын және оған қалай бару керектігін хабарлаңыз.

А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Жазғы сауықтыру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар



Жаз мезгілі келісімен балалардың демалысын ұйымдастырып, түрлі сауықтыру ұйымдарына жіберіп жатамыз. Жазғы сауықтыру ұйымдары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болғанда ғана балалар мен жасөспірімдердің сауықтырылуы және демалуы тиімді болады.

Санитарлық ережелер лагерь аумағында зақымданбаған қоршау болуы керек екенін көрсетеді. Объектілерде тұрмыстық-ауыз су, ыстық сумен жабдықтау, канализация, жарықтандыру, желдету, жылытудың қамтамасыз етілуі жақсы жағдайда болуы керек. Барлық үй-жайлар таза болуы керек, күнделікті тазалау жуғыш және дезинфекциялық құралдарын қолдану арқылы жүргізілу керек. Дератизация және дезинсекция шаралары жүргізіледі және жәндіктердің, кенелердің, кеміргіштердің болуына жол берілмейді. Объектілердің жиназдары мен жабдықтау балалардың өсу және жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек.

Объектілерде объекті басшысы бекіткен перспективтік мәзір жасалады. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдау олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары болған жағдайда жүзеге асырылады. Өндіруге және сатуға рұқсат етілмейтін өнімдер: сүзбе, айран, кілегей қосылған кондитерлік өнімдер, қуырылған өнімдер, қаймақ пен майонез қосылған салаттар, тәтті алкогольсіз сусындар, фастфудтар. Сондай-ақ пайдалануға рұқсат етілмейтін өнімдер: пастерленбеген сүт, термиялық өңдеусіз сүзбе және қаймақ, йодталмаған тұз және құрамында темір бар витаминдермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғарғы және бірінші сұрыпты ұнды пайдалануға жол берілмейді.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ЖҰМЫС УАҚЫТЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының 01.07.2025 ж. №7 бұйрығына сәйкес, Ақсу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жұмыс уақыты режимі 08:00-ден 17:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға) өзгертілгені мәлімет ретінде хабарланады.

АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ - ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ.

МАМАН КЕҢЕСІ

Жаз мезгілі қоршаған ортада жіті ішек инфекциялары (ЖІИ) қоздырғыштарын сақтау және көбейту үшін қолайлы уақыт болып саналады, осыған байланысты жаз мезгілі болашақта балалардың денсаулығына ауыр зардаптар әкелуі мүмкін, яғни, ЖІИ және тағамнан уланудың көбейуімен сипатталады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қатер тұрғысынан балаларды сауықтыру объектілері, мектепке дейінгі ұйымдар, жабық үлгідегі балалар ұйымдары эпидемиологиялық маңыздылығы жоғары объектілерге жатады.

Балалардың арасында ЖІИ және тағамнан уланудың алдын алу мақсатында балалардың жазғы

Балалар арасында жіті ішек инфекцияларының алдын алу шаралары

сауықтыру ұйымдарында, мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді жеткізушілер мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- тамақ өнімдерін және азық - түлік шикізатын қабылдауды жүзеге асыру кезінде сапасын растайтын құжаттар болуы тиіс;
- тағамдарды сақтау ережелерін және тез бұзылатын өнімдердің жарамдылық мерзімін қадағалау;
- өнімді толық пайдаланғанға дейін өнімнің осы түрінің жарамдылық

мерзімін көрсете отырып, әрбір ыдыс орнының таңбалау белгісін сақтау;

- шикі және дайын өнімдерді бөлек өңдеуді, сақтауды бақылау;
- технологиялық картаға сәйкес дайын тағамдарға аспаздық өңдеуді жүргізу;
- жеке және өндірістік гигиена ережелерін сақтау;
- қоғамдық тамақтану қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақтылы және толық өтуі, жұмысқа рұқсат қағазының болуы.

Ата-аналар өздері және балаларға ЖІИ

қорғану үшін қарапайым ережелерді есте сақтауы қажет:

- су мен сүтті тек қайнаған түрінде ішу,
 - көкөністер мен жемістерді ыстық сумен жуу,
 - тамақ өнімдерін шыбындардан қорғау,
 - азық-түлік сақтау ережелері мен мерзімдерін сақтау,
 - тамақтанар алдында қолды міндетті түрде жуу,
 - тырнақты тістемеу.
- Аурудың алдан алудағы ең жақсы әрі қарапайым тәсіл - ол баланы үйрету, тәрбиелеу, дағдыландыру. Жоғарыда аталған қарапайым ережелерді сақтау Сіздің және балаларыңыздың денсаулығын сақтауға көмектеседі!

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЭББ басшысы.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2254

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.